

**Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі  
«Катия апа» бөбекжай балабақшасы**

**Дамытушы орта паспорты**

## ДАМЫТУШЫ ОРТА ПАСПОРТЫ

Топ атауы: « Бөбек »

Тәрбиешілер: Мухамедсадыкова Р.К; Мукашова Т.Д

Балалардың жас ерекшеліктері: 3 жас

Оқу жылы: 2025 – 2026ж.

### 1. Танымдық-зерттеушілік орта

*(Ғылым және табиғат аймағы)*

**Ортаның мақсаты:** балалардың танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын, байқағыштығын және қарапайым зерттеу (тәжірибе жасау) дағдыларын дамыту.

#### Тәжірибе жасауға арналған құралдар:

- үлкейткіш әйнектер (лупалар);
- құм және сумен ойнауға арналған ыдыстар;
- өлшеуіш стақандар;
- тамшуырлар;
- қысқыштар;
- сұйықтық құюға арналған құйғыштар



#### Табиғи материалдар:

- тастар;
- бақалшақтар;
- кептірілген жапырақтар;
- ағаш бұтақтары;
- әртүрлі тұқымдар (жаңғақ, үрме бұршақ, күріш, бидай)



### Дидактикалық материалдар:

- геометриялық пішіндер;
- сұрыптауға арналған жиынтықтар;
- сан мен көлемді салыстыру ойындары;
- логикалық блоктар (Дьенеш блоктары, Кюизенер таяқшалары)



### Табиғат бұрышы:

- бөлме өсімдіктері;
- өсімдіктерді күту құралдары (сукұйғыш, қопсытқыш, шаң сүртуге арналған шүберектер);
- «Табиғат және ауа райы» күнтізбесі



## 2. Сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы (Әлеуметтендіру аймағы)

**Ортаның мақсаты:** балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, ересектер еңбегімен таныстыру, қарым-қатынас мәдениеті мен шығармашылық қиялын дамыту.

### «Аурухана» сюжеті:

- дәрігер халаты мен бас киімі;
- медициналық құралдар жиынтығы (тонометр, шприц, дәрумендер, фонендоскоп, медициналық карталар).



### «Дүкен» сюжеті:

- сауда сөрелері;
- ойыншық касса;
- таразы;
- көкөністердің, жемістердің және нан өнімдерінің муляждары;
- ойыншық ақшалар мен сатып алу себеттері.



### «Арнайы қызметтер»

(Полиция / Өрт сөндіруші / Жүргізуші):

- арнайы киімдер;
- рөлдер;
- жол белгілерінің макеттері;
- рация;
- арнайы көліктер жиынтығы.



### 3. Шығармашылық және эстетикалық орта (Өнер аймағы)

**Ортаның мақсаты:** балалардың эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін, ұсақ моторикасын, музыкалық және театрлық дағдыларын дамыту.

**Бейнелеу өнері:**

- түрлі түсті қарындаштар;
- фломастерлер;
- гуашь;

- акварель бояулары;
- қылқаламдар;
- су құятын стақандар;
- альбомдар;
- түрлі түсті қағаз және картон.



### **Мүсіндеу және аппликация:**

- ермексаз;
- мүсіндеуге арналған тақтайшалар мен арнайы пышақтар;
- қауіпсіз қайшылар;
- желім-қарындаш және сұйық желім.



### **Театр бұрышы:**

- саусақ театры;
- би-ба-бо қуыршақтары;
- ертегі кейіпкерлерінің бетперделері;
- үстел үсті театры;
- ширма (шағын сахна).



### **Музыкалық бұрыш:**

- балаларға арналған музыкалық аспаптар (даңғыра, маракас, металлофон, сылдырмақтар, сыбызғы);
- музыка тыңдауға арналған техникалық құрал (колонка).



### **4. Сөздік-коммуникативтік орта** (Кітап және тіл дамыту аймағы)

**Ортаның мақсаты:** балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, көркем әдебиет пен кітапқа қызығушылығын тәрбиелеу.

### **Кітапхана бұрышы:**

- жас ерекшелігіне сай суретті ертегілер;
- өлеңдер;

- энциклопедиялар;
- ауыз әдебиеті үлгілері (мақал-мәтелдер, жұмбақтар).



### Тіл дамыту құралдары:

- сюжеттік суреттер жиынтығы;
- «Ертегіні жалғастыр» дидактикалық карточкалары;
- әріптер мен буындары бар текшелер;
- дыбыстық ойындар.

### Мнемотехника:

- ертегілерді мазмұндауға, әңгіме құрастыруға және өлең жаттауға арналған арнайы мнемокестелер мен сызбалар.

### Тыңдау аймағы:

- ертегілердің, әңгімелердің және балалар әндерінің аудиожазбалары



## Қимылды ойындарға арналған атрибуттар:

- тақия ( «Тақия тастау» ойынына арналған);
- белгі беру жалаушалары;
- ысқырық;
- эмблемалар мен бетперделер.



## ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

### Қауіпсіздік:

Барлық материалдар мен жиһаздар балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз, экологиялық таза, сертификатталған және мықтап бекітілген болуы тиіс.

### Қолжетімділік:

Ойыншықтар, дидактикалық материалдар мен құрал-жабдықтар балалардың бойына сәйкес келетін ашық сөрелерде қолжетімді орналасуы тиіс.

### Өзгермелілік:

Ортаның мазмұны тақырыптық жоспарға, жыл мезгіліне және балалардың қызығушылықтарына сәйкес үнемі өзгертіліп, жаңартылып отыруы тиіс.

Меңгеруші



Ш.Ж.Әбішева